

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 21 маусымдағы № 67 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 15 мамырдағы № 63 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 51-бабы 1-тармағының 11 және 12-тармақшаларына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 7-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **пешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 021/2011) талаптарын сақтау ерікті негізде қамтамасыз етілетін мемлекетаралық стандарттарды, сондай-ақ зерттеу (сынақ) және өлшем қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 021/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарлама туралы" 2021 жылғы 21 маусымдағы № 67 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 16 мамырдағы
№ 63 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 21 маусымдағы № 67 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. 1-тармақтың атауы және 1-тармақ "техникалық реттеу объектілерінің" деген сөздерден кейін "осы техникалық регламенттің талаптарына" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Аталған Шешіммен бекітілген "Қолдану нәтижесінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 021/2011) талаптарын сақтау ерікті негізде қамтамасыз етілетін мемлекетаралық

стандарттарды, сондай-ақ зерттеу (сынақ) және өлшем қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Еуразиялық экономикалық одақтың "Тамақ өнімінің қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 021/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігіне бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын мемлекетаралық стандарттарды әзірлеу (өзгерістер енгізу, қайта қарау) жөніндегі бағдарламада:

а) атауы "техникалық реттеу объектілерінің" деген сөздерден кейін "осы техникалық регламенттің талаптарына" деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 104 – 107 позициялармен толықтырылсын:

"

104	67.180.10	Шоколад. Жалпы техникалық талаптары. МЕМСТ 3172 1-2012 қайта қарау	№ 2 - қосымшадағы 1-кестенің 1.4-тармағы, 11-қосымшаның "а) , "г" -"л" және "н" тармақшалары"	2022 жыл	2024 жыл	Ресей Федерациясы
105	67.140.30	Какао-ұнтақ. Техникалық талаптар. МЕМСТ 108-2014 өзгерістер енгізу	№ 2 қосымшаның 1- кестесінің 1.4-тармағы № 11 қосымшаның 2-тармағының "р)" тармақшасы	2024 жыл	2025 жыл	Ресей Федерациясы
106	67.060 67.190 67.180.10	Кондитерлік өнімдер және кондитерлік өндірістің жартылай дайын өнімдері. Терминдер мен анықтамалық тар. МЕМСТ әзірлеу	№ 11 қосымша	2024 жыл	2025 жыл	Ресей Федерациясы
107	67.140.30	Шоколад, кондитерлік және майлы глазурь және қалыптауға арналған массалар. Жалпы техникалық	№ 11 қосымша	2024 жыл	2025 жыл	

	талаптар. МЕМСТ 34383-2018 қайта қарау				Беларусь Республикасы
--	-------------------------------------------------	--	--	--	--------------------------

"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ